


Келісілді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У 
« 26 » 09 2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Тұлпар» ересек топ
Қазан айы 2025 жыл 1 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Тәрбиеші: Джилкибаева С.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09.2025 ж	Сейсенбі 30.09.2025 ж	Сәрсенбі 01.10.2025ж	Бейсенбі 02.10.2025ж	Жұма 03.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Адалдық әліппесі «Шындықты айт» Мақсаты: Оқиғадағы шындық пен өтірікті табуға үйрету. Құрал-жабдықтар: Сюжеттік қысқа әңгімелер. Ойын барысы: Тәрбиеші әңгіме айтады. Балалар шын мен өтірікті ажыратады.	Ерте кәсіптік бағдар беру «Бұл маман не істейді?» Мақсаты: Мамандық қызметін сипаттау. Құрал-жабдықтар: Суреттер. Ойын барысы: Тәрбиеші суретті көрсетеді. Балалар: «Өрт сөндіруші – өртті сөндіреді» деп жауап береді.	Құқықтық сауаттылық «Әділ шешім» Мақсаты: Жағдайды талдап, шешім қабылдау. Құрал-жабдықтар: Сюжеттік суреттер. Ойын барысы: Жағдай ұсынылады: «Екі бала бір ойыншықты қалады». Балалар әділ шешімін ұсынады.	Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Арқан тарту» Мақсаты: Топтық ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: Арқан. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Арқанды тартады.	Қаржылық сауаттылық Ойын: «Қандай тауар қымбат?» Мақсаты: Бағаны салыстыра білуге үйрету. Құрал-жабдықтар: Тауар суреттері, бағалары жазылған карточкалар. Ойын барысы: Тәрбиеші екі затты көрсетеді. Балалар қайсысы қымбат екенін айтады.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды жоғары көтеріп, алға еңкейіп, қолды артқа апару. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Негізгі қимыл: Сызық бойымен (15 см) жүріп, тепе-теңдікті сақтау. Ырғақтық жаттығу: Ән ырғағына сәйкес қолды жоғары-төмен қимылдату. Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек» — балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Салауатты өмір салты: Қолды дұрыс жуу, сабынмен тазарту туралы әңгімелеу.	Қазақ тілі «Күз келді» Тілдік орта Балалар күзгі табиғат құбылыстары туралы әңгімелейді: «Жапырақ сарғайды», «Күн суытады». Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «ө», «ү» дыбыстарын айтуға жаттықтыру («ө-ө-ө – өрік», «ү-ү-ү – үйрек») Сөздік қор «Күз, жапырақ, жаңбыр, жел». Грамматикалық құрылым Көпше түрі: «жапырақ – жапырақтар», «жел – желдер». Байланыстырып сөйлеу Сурет бойынша әңгіме: «Күз келді. Жапырақтар түсті. Жел соқты». Музыка	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды айналдыра қимылдау, саусақтарды кезекпен бұғу. Негізгі қимыл: Екі қолды екі жаққа жайып, оңға–солға бұрылу. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағына қадам жасап, қолды жоғары сермеу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» — зейін, қимыл шапшаңдығын дамыту. Салауатты өмір салты: Тамақ алдында қолды жуу, ас ішу кезіндегі тәртіп.	Музыка «Музыка тыңдай білейік» Ұйымдастыру кезеңі – Балаларды әуенмен қарсы алу. Музыка тыңдау – Баяу классикалық әуенді соңына дейін тыңдау, «әуен көңілді ме, әлде мұңды ма?» деп талқылау. Ән айту – «Ла-ла-ла», «до-ми-со» буындарын мәнерлеп, созып айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Әуеннің ырғағына сай бірқалыпты жүріс. Аспаппен ойнау – Ағаш қасықпен ырғақты қағып көру. Би – Әуен басталғанда қимылды уақытылы бастау, қарапайым қимылдар жасау. Қоштасу кезеңі – Тыныш әуенмен қоштасу.	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Отырып, аяқтың ұшын созып, табанды бұғу. Негізгі қимыл: Тақтай бойымен жүру, тепе-теңдікті сақтау. Ырғақтық жаттығу: Музыкалық әуенге отырып-тұру жаттығулары. Қимылды ойын: «Қуыр-қуыр қуырмаш» — қол бұлшықеттерін дамыту. Салауатты өмір салты: Тіс тазалау ережесін үйрену.


		«Әуеннің сипатын ажыратайық» Ұйымдастыру кезеңі – Қуанышты амандасу әнін айту. Музыка тыңдау – Көңілді және мұңды екі әуен тыңдату, айырмашылығын талқылау. Ән айту – Әнді қимылмен үйлестіріп, созып айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Әуенге сәйкес жеңіл жүгіру, тоқтағанда тоқтау. Аспаппен ойнау – Қасықтарды соғып, таныс әуеннің ырғағын орындау. Би – Әуеннің кіріспесін күтіп, содан кейін билеуді бастау. Қоштасу кезеңі – Әуенмен қоштасу			
--	--	--	--	--	--

	Менің отбасым – отбасы мүшелері Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Суреттер арқылы отбасы мүшелерін атау (әке, ана, ата, әже, аға, әпке, т.б.) Көркем әдебиеттен шағын өлең: «Анашым» тақпағы Диалог: «Сенің отбасында кім бар?» сұрақ-жауап Танымдық әрекет, математика негіздері Отбасы мүшелерін санау, көп-аз, тең-теңсіз ұғымдарын бекіту «Әке мен баланың ойыншықтарын бөлісу» дидактикалық ойыны Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Отбасы мүшелерінің еңбегі мен рөлі туралы әңгімелеу (ананың қамқорлығы, әкенің еңбегі)	Отбасыдағы сүйікті істер Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Біз бірге не істейміз?» (саяхат, ойын, тамақтану) Өлең: «Отбасымызбен серуенге шығамыз» Сұрақ-жауап ойыны: «Кім немен айналысады?» Танымдық әрекет, математика негіздері Үйде бар заттарды пішініне қарай топтау (дөңгелек тәрелке, төртбұрышты кітап) Санамақ: «Бір үйде біз нешеуіміз?» Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Отбасымен бірге еңбек ету: әкенің бау-бақшадағы	Отбасы мерекесі Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Біз мерекеде не істейміз?» Өлең: «Туған күн» Диалог: «Сен кімге сыйлық бересің?» Танымдық әрекет, математика негіздері Торт бөліктерін санау, салыстыру (үлкен-кіші) Геометриялық пішіндер: дөңгелек торт, үшбұрыш шам, төртбұрыш сыйлық қорабы Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Мерекеде бір-біріне жылы сөз айту, алғыс білдіру	Үй жануарлары – отбасының достары Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Біздің үйде қандай жануар бар?» Мақал-мәтел: «Ит – адамның досы» Өлең: «Мысығым» Танымдық әрекет, математика негіздері Жануарлардың санын санау Заттарды жұппен қою: «Бір мысық пен бір тостаған» Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Жануарларға қамқор болуды үйрету	Менің отбасым – бақытты шаңырақ Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Шығармашылық әңгіме: «Менің бақытты отбасым» Өлең: «Шаңырақ» Сұрақ-жауап: «Отбасында сен кімсің?» Танымдық әрекет, математика негіздері «Шаңырақтағы уықтарды санау» ойыны Тәулік бөліктерін қайталау: «Біз таңертең не істейміз?» Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Қазақтың ұлттық киімдері мен отбасылық дәстүрлерін таныстыру
--	--	---	--	--	--

		еңбегі, ананың ас үйдегі ісі			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Вариативтік компонент	Хореография	Ағылшын тілі			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Менің отбасым» (өз отбасы мүшелерін бейнелеу) Құрастыру: Лего арқылы «Отбасы үйі» Жапсыру: «Әке мен ана» бейнесін құрастыру Мүсіндеу: «Әжемнің самаурыны» (сазбалшықтан) Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ү) отбасы сөздерінде дұрыс айтуға үйрету	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Біз бірге ойнаймыз» Құрастыру: «Ас үй» композициясы Жапсыру: «Үй жануарлары» (қажетті суреттерді қиып жапсыру) Мүсіндеу: «Ойыншықтар» жасау Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақша сөйлеуде тыныс алуды, дауыс ырғағын сақтау мақал мәтел үйрету	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Туған күн кеші» гүлдің суретін салу дәстүрден тыс Құрастыру: «Сыйлық қораптары» Жапсыру: «Шарлар» Мүсіндеу: «Торт» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы «Туған күн», «сыйлық» сөздерін дұрыс айту, интонациямен жаттау	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Үй жануарлары» Құрастыру: «Иттің үйшігі» Жапсыру: «Құс ұясы» Мүсіндеу: «Мысық пен ит» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақ тіліне тән дыбыстарды (қ, ғ, ү, ұ) жануар атауларында дұрыс айту	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Шаңырақ – отбасы бірлігі» Құрастыру: «Киіз үй» Жапсыру: «Әшекей бұйымдары» Мүсіндеу: «Ұлттық тағамдар» (бауырсақ, құрт) Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақ тіліндегі байланыстырып сөйлеуді дамыту, шағын әңгіме құрату
Балалармен жеке жұмыс	1–5 дейінгі сандарды заттармен сәйкестендіру.	Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңберді	Логикалық ойын: «Артық затты тап» (3 суреттен артықшасын табу).	Кеңістік бағдарлау үстінде, астында, жанында ұғымдарын ойын арқылы бекіту.	Түрлі түстерді реттілікпен орналастыру (қызыл–сары–жасыл).

		салыстырып, заттардан табу			
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеуге үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты: Балаларда бірлік, татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				

Келісілді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У 
« 03 » 10 2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Тұлпар» ересек топ
Қазан айы 2025 жыл 2 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Тәрбиеші: Джилкибаева С.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.10.2025 ж	Сейсенбі 07.10.2025 ж	Сәрсенбі 08.10.2025ж	Бейсенбі 09.10.2025ж	Жұма 10.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар жайлы үйрету Қауіпсіздік әрекеті	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету. Бір тұтас тәрбие	«Денсаулық жолы» (фитнес-технологиямен)Қимыл-қозғалысты үйлестіру, салауатты өмірге баулу. Заманауи әдіс: Балалар фитнес-білезік киеді (қадам санайтын). Шарты: «Денсаулық жолымен жүреміз» деген ойында әр бала жолақшадан өтеді, әр қадамы есептеліп, кім көбірек жүрді – сол жеңімпаз.	Үстел үсті ойыны – пазл: табиғат суретін құрастыру, ерекшеліктерін атау Құрастыру әрекеті Экологиялық тәрбие	Табиғаттағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсту, түсіндіру. Экологиялық тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды жоғары көтеріп, алға және артқа сермеу. Негізгі қимыл: Заттардан аттап өту. Ырғақтық жаттығу: Қолды шапалақтап, аяқпен топылдатып би жасау. Қимылды ойын: «Аңшылар» ойыны — қимыл белсенділігін арттыру. Салауатты өмір салты: Дене тазалығы және киімді күту туралы әңгіме.	Қазақ тілі «Күзгі бақ» Тілдік орта Балалар бақтағы жеміс ағаштары туралы әңгімелейді: «Алма ағашта өседі», «Жапырақтар түсіп жатыр». Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «к», «ғ» дыбыстарын айту («қққ — қоңыр», «ғғғ — ғажайып»). Сөздік қор «Алма, алмұрт, ағаш, бақ». Грамматикалық құрылым Тәуел деу: «менің ағашым», «сенің алмұртың». Байланыстырып сөйлеу Әңгіме: «Бақта алма пісті. Балалар алма терді. Алмалар тәтті». Музыка «Музыка бізге қуаныш сыйлайды»	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Жүрелеп отырып, қолды жоғары көтеріп, еңкею. Негізгі қимыл: Бөрененің бойымен жүру. Ырғақтық жаттығу: Музыкаға секіру, қол сермеу. Қимылды ойын: «Қармақ» ойыны. Салауатты өмір салты: Дұрыс отыру және жүру мәдениеті.	Музыка «Таныс әндерді тыңдаймыз» Ұйымдастыру кезеңі – Балаларды әнмен қарсы алу. Музыка тыңдау – Таныс балалар әнін ұнтаспадан тыңдату. Әнді білуге және бірге айтуға ынталандыру. Ән айту – Әнді мәнерлі, бірдей қарқында орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Әннің ырғағына сәйкес шеңбермен жүру. Аспаппен ойнау – Қасықпен қысқа әуенді ойнау. Би – Әуеннің сипатына қарай қимылды өзгерту (жылдам – жүгіру, баяу – жүру). Қоштасу кезеңі – «Сау болайық» әнін айту.	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды белге қойып, оңға–солға иілу. Негізгі қимыл: Үрленген доптардан аттап өту (5–6 доп арасы). Ырғақтық жаттығу: Қол мен аяқ қимылын үйлестіру. Қимылды ойын: «Сақина салу» — зейін мен байқампаздықты дамыту. Салауатты өмір салты: Көзді күту, таза ауада серуендеу.
----------------------------------	---	--	--	---	---


		Ұйымдастыру кезеңі – Балалармен ән арқылы амандасу. Музыка тыңдау – Оркестр орындауындағы марш әуенін тыңдату. Ән айту – Әнді ре–си (1-октава) шегінде созып айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Марш қимылын ырғақпен орындау. Аспаппен ойнау – Қасықпен марш ырғағын соғу. Би – Әуеннің кіріспесін күту, содан кейін қимыл бастау. Қоштасу кезеңі – Әуенмен тынышталу			
	Менің көшем – үйлер мен көрші балалар Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Менің көшемде қандай	Көшедегі көліктер Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Көшеде қандай көліктер	Менің көшемдегі дүкендер мен ғимараттар Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Біздің көшеде қандай	Көшедегі табиғат Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Көшеде қандай ағаштар бар?» Мақал: «Ағаш көркі – жапырақ»	Менің көшем – таза әрі әдемі Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Шығармашылық әңгіме: «Мен көшемді қалай таза ұстаймын?»

	үйлер бар?» Өлең: «Көршілерім» Диалог: «Сенің көршің кім?» сұрақ-жауап Танымдық әрекет, математика негіздері Үйлерді санау, пішініне қарай топтау (төртбұрыш үй, дөңгелек терезе) Көшедегі балаларды салыстыру: көп-аз Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Көршілермен сәлемдесу мәдениеті, бір-біріне көмектесу туралы түсіндіру	жүреді?» Мақал-мәтел: «Жақсы жол – жарым ырыс» Өлең: «Машинам» Танымдық әрекет, математика негіздері Көліктерді түстеріне қарай топтау Санау: «Көшеде неше автобус, неше жеңіл көлік бар?» Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Жолда жүру ережесі: бағдаршамды тану, жаяу жүргінші өткелімен өту	дүкендер бар?» Өлең: «Нан дүкені» Диалог: «Сен дүкеннен не сатып аласың?» Танымдық әрекет, математика негіздері Дүкен сөрелеріндегі заттарды санау Салыстыру: үлкен дүкен – кіші дүкен Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Саудада сыпайылық: «Рахмет», «Өтінемін» сөздерін қолдану	Өлең: «Жапырақтар» Танымдық әрекет, математика негіздері Жапырақтарды пішініне қарай топтау Ағаштардың санын санау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Ағаштарды қорғау, табиғатқа қамқорлық жасау жайлы әңгімелеу	Өлең: «Тазалық – саулық» Сұрақ-жауап: «Көшені кімдер тазалайды?» Танымдық әрекет, математика негіздері Қоқыс жәшіктерін санау Салыстыру: таза көше – лас көше Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Тазалықтың денсаулыққа пайдасы, еңбек адамдарын құрметтеу
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Вариативтік компонент	Хороегорафия	Ағылшын тілі			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Менің үйім» Құрастыру: «Көшедегі үйлер» (лего)	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Бағдаршам» Құрастыру: «Автобус» Жапсыру:	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Кітап дүкені» Құрастыру: «Мектеп ғимараты» Жапсыру: «Нан және	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Көшедегі ағаштар» Құрастыру: «Балалар ойнайтын алаң» Жапсыру: «Жапырақтар»	Шығармашылық әрекеттер Сурет салу: «Таза көше» Құрастыру: «Қоқыс жәшігі» Жапсыру: «Гүлдер»

басқалары)	Жапсыру: «Көршілерімнің үйі» Мүсіндеу: «Балалардың ойыншықтары» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ө, ү, і) «көрші», «көше», «үй» сөздерінде дұрыс айту	«Көліктер» суреттерін қиып орналастыру Мүсіндеу: «Жеңіл көлік» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Қазақ тіліндегі көлік атауларын (автобус, жүк көлігі, пойыз) анық айту	жеміс» суреттері Мүсіндеу: «Дүкендегі жемістер» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Жеміс-жидек, тағам атауларын қазақша айтуға үйрету	(түсті қағаздан) Мүсіндеу: «Ағаш» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы Табиғат құбылыстары атауларын (ағаш, бұлт, күн, жел) дұрыс айтуға жаттықтыру	Мүсіндеу: «Жеміс-жидектер» Қазақ тілі, тілге бойлау бағдарламасы «Таза көше», «гүлдер» сөз тіркестерін дұрыс айту, сөйлем құрату
Балалармен жеке жұмыс	«Үлкен-кіші, ұзын-қысқа» – сызықтармен жұмыс.	Сурет бойынша әңгіме құрау (3–4 сөйлеммен).	Жұмбақ шешу, жауабын суреттен табу.	Тақпақ жаттау (4–5 жол).	«Кім қалай дыбыстайды?» – жануарлардың дыбысын дұрыс атау
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеуге үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты: Балаларда бірлік, татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут
--------------------------------------	---

Келісілді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У 
« 10 » 10 2025ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Тұлпар» ересек топ
Қазан айы 2025 жыл 3 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Тәрбиеші: Джилкибаева С.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10.2025 ж	Сейсенбі 14.10.2025 ж	Сәрсенбі 15.10.2025ж	Бейсенбі 16.10.2025ж	Жұма 17.10.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, Бір тұтас тәрбие	«Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігіне дайындық жасау, тақпақ, ән. Бір тұтас тәрбие	Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. Экологиялық тәрбие	«Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру Экологиялық тәрбие	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Желдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды алға созып, оңға–солға сермеу. Негізгі қимыл: Алға еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу.	Қазақ тілі «Жаңбырлы күн» Тілдік орта Балалар күзгі жаңбыр туралы әсерлерімен бөліседі: «Жаңбыр	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды жоғары көтеріп, бір орында секіру. Негізгі қимыл: Қырлы тақтай бойымен жүру. Ырғақтық жаттығу: Шеңбермен	Музыка «Музыка және қимыл» Ұйымдастыру кезеңі – Балаларды әуенмен қарсы алу. Музыка тыңдау – Мұнды әуен тыңдату, балалардан алған әсерін сұрау.	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім: Қолды белде ұстап, тізені жоғары көтеріп жүру. Негізгі қимыл: Жерге қойылған кедергіден аттап өту. Ырғақтық жаттығу: Музыка

	Ырғақтық жаттығу: Әуенге қосылып, қимыл-қозғалыс жасау. Қимылды ойын: «Сақина салмақ» (шапшаңдық пен ұйымшылдық). Салауатты өмір салты: Жеке бас тазалығының маңызы.	жауды», «Біз қолшатыр ұстаймыз». Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті «ұ», «і» дыбыстарын айту («ұ-ұ-ұ – ұшпақ», «ііі – ірімшік»). Сөздік қор «Жаңбыр, тамшы, қолшатыр, етік». Грамматикалық құрылым Септеу: «жаңбырдан», «тамшыға». Байланыстырып сөйлеу Әңгіме: «Жаңбыр жауды. Тамшылар жерге тамды. Біз етік кидік» Музыка «Музыкадан әсер алайық» Ұйымдастыру кезеңі – Амандасу әуені. Музыка тыңдау – Табиғат дыбыстары мен әуендерді тыңдау. Әсерлерімен бөлісу. Ән айту – Әнді бірдей қарқында,	жүру, аяқпен топылдату. Қимылды ойын: «Аң аулау». Салауатты өмір салты: Таза ауада жаттығу және күннің пайдасы.	Ән айту – Әнді қимылмен үйлестіріп айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Қол ұстасып, ырғақпен жүру, жеңіл секіру. Аспаппен ойнау – Қасықпен әуеннің басын қайталау. Би – Әуеннің сипатына қарай қимылды ауыстыру (қол сермеу, шеңбер бойымен қозғалу). Қоштасу кезеңі – «Қош болайық» әнін орындау	ырғағына қол сермеп жүру. Қимылды ойын: «Қоян мен қасқыр» — жылдамдық пен ептілікті дамыту. Салауатты өмір салты: Таза ауада серуендеу, денені шынықтыру.
--	--	--	--	---	--


		тыныс сақтап айтуға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Әуенге сай жеңіл қимылдар, денені тербету. Аспаппен ойнау – Қасықтармен қарапайым әуенді соғу. Би – Әуен басталғанда билеу, тоқтағанда қимылды доғару. Қоштасу кезеңі – Баяу әуенмен қоштасу.			
	Үйдегі қауіпсіздік – электр құралдары Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Үйде қандай электр құралдары бар?» Өлең: «Қауіпсіздік – сенімділік» Сұрақ-жауап: «Шамды кім қосады?» Танымдық әрекет, математика негіздері	Үйдегі қауіпсіздік – өткір және ыстық заттар Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Қайшыны қалай ұстау керек?» Өлең: «От – дос та, жау да» Мақал: «Отпен ойнама» Танымдық	Көшедегі қауіпсіздік – бағдаршам Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Бағдаршам бізге не үшін керек?» Өлең: «Қызыл – тоқта!» Диалог: «Сен қай түсте өтесің?» Танымдық әрекет, математика негіздері Бағдаршам түстерін танып, ретімен айту Жаяу жүргіншілерді	Көшедегі қауіпсіздік – көлік және балалар Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Әңгіме: «Көшеде қалай жүреміз?» Өлең: «Көше тәртібі» Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ» Танымдық әрекет, математика негіздері Көліктерді санау, көп-аз ұғымын бекіту Үлкен автобус – кіші жеңіл көлік салыстыру	Қауіпсіздік – менің досым Коммуникативтік дағды, тіл дамыту, көркем әдебиет Шығармашылық әңгіме: «Мен қауіпсіздікті қалай сақтаймын?» Өлең: «Сақ бол!» Сұрақ-жауап: «Қауіпсіздікті не үшін сақтау керек?» Танымдық әрекет, математика негіздері Тазалық заттарын

	Электр құралдарының санын санау Заттарды салыстыру: үлкен теледидар – кіші телефон Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Электр құралдарына қол тигізбеу ережесін түсіндіру Үлкендердің рұқсатынсыз қоспауға үйрету	әрекет, математика негіздері Ыстық және суық заттарды салыстыру Қайшының түрлерін санау Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Ыстық пешке, қайшыға, пышаққа жоламау ережесі	санау ойыны Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Жолдан тек жасыл жанғанда өту ережесін үйрету	Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Жолда ойнамау, ата-анамен бірге жүру ережесін түсіндіру	санау Салыстыру: таза бөлме – лас бөлме Әлеуметтік дағды, қоршаған әлеммен таныстыру Тазалық сақтау, тәртіп ережелері, қауіпсіздік сақшыларының еңбегімен таныстыру
